

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бактин «нағыз философтар» дегенде маман, кәсіби философтар туралы айтып отыр. Л.Толстой – кәсіби философ емес. Абай – кәсіби философ емес. Осыған қарап, «Толстойда, Абайда философия болған жоқ» десек, есті адамға ерсі болып көрінері сөзсіз. Олар, сөз жоқ – ойшылдар. Сонымен бірге соның арқасында Толстой да, Достоевский де, Абай да, Шәкәрім де шығармаларында өзекті философиялық проблемаларды қозғап, терең философиялық тұжырымдар жасаған.

Батыс философиясы адамнан алшақтады

Маркс Сократты: «Философияны жасаған адам», – деп дәріптейді, «нағыз философия Сократтан басталады», – дейді. Маркс бұл арада Сократтың философияны даналық деп танып, адамға бұрғанын, философия мен ғылымның ара жігін ашып көрсеткенін айтып отыр. Сократтың ойынша, ғылым сыртқы дүниемен, ал философия адаммен айналысады.

Ғылым жолымен дамыған Батыс философиясы бара-бара даналықтан бас тартты, адамнан алшақтады. Сөйтіп, өзіне-өзі қайшы келіп, даналық, софия болудан қалды, кез келген адам игере алмайтын, кәсіби мамандарға арналған теориялық жүйеге айналды. Платон да, Гегель де философияны кез келгенің кәсібі емес деп есептеді. Сократ болса, кез келген адаммен кездесіп, оны философиялық әңгімеге тартып, ойлауға, тереңге бойлауға үйретпек болды.

Кез келген адам өзін мазалаған дүние-танымдық сұрақтарға Гегельден, Маркстен жауап таба алмайды. Мұндай сұрақтарға Сократтың, Монтеньнің, Достоевскийдің, Толстойдың, Абайдың ілімі орынды жауап бере алады.

Философияның міндеті – Сократтың ойынша, әр адамға жету, ықпал ету, ойландыру, үйрету, түзету. Сол үшін философия тартымды және түсінікті болуы керек. Көпшілікке бағытталған қарапайым, түсінікті философияны кейбіреулер «тайыз» деп мойындамайды. Мүлдем тайыз пікір – осы. Абайдың сөздері – түсінікті де қарапайым. Осыған қарап, Абайдың ілімін тайыз деп тануға бола ма? Жоқ. Абай – сұңғыла терең ойшыл, көпшілік оны әлі түсіне алмай келеді. Абай көрсеткен жолмен жүріп жатқан жоқ.

Ғылым мен философияның арасына шек қоюға болмайтынын да айтқым келеді. Олар, әрине, бірімен бірі байланысты, бірін-бірі толықтырып тұрады. Ғылым болған, ғылым жолымен дамып, жетілген философия да бар, болады да. Мысалы, Канттың, Гегельдің, Маркстің философиясы осы санатта. Бірақ басқа жолмен, айталық, даналық, тәлімгерлік, антропологиялық жолмен дамыған философияға «ғылымнан алшақ жатыр» деп немқұрайлы қарау тағы дұрыс емес.

И.Канттың өзі философияны ғылым биігіне көтерген «Таза зердеге сын» деген іргелі еңбегінде антропологиялық шегініс жасап, адам туралы пайымдауды қажет деп тапты. Қай адамның да алдында тұратын мәселелерді атап көрсетті: «Мен не біле аламын?», «Мен не істеуім керек?», «Мен неге үміт арта аламын?», «Адам деген не?». Бұл сұрақтардың жауабын біз ғылымнан іздеп таба алмаймыз. Амалсыздан философияға, атап айтқанда, антропологияға, даналық философиясына жүгінуге мәжбүр боламыз. Кант өзінің «Антропологиясын» жоғары бағалайды: «Адамға адам болып өмір сүруді үйрететін ілім ол – мына менің философиям», – деп атап көрсетеді.

Канттың «бұлжымас императив» деп сипаттаған принципі бар: «Адам ешкімге де, ештеңеге де құрал болмауы керек, өзіне де, басқаларға да мақсат болуы керек» деген. Нағыз гуманистік идея!

Философия негізінен – адам туралы ілім. Ол адамды әр қырынан, әртүрлі жағдайда қарастырады. Ал адам болудың, адам болып өмір сүрудің жолы – даналық және даналыққа апаратын түсінік: адамға қатысты нәрселерді, Абай айтқандай, «адамның кейбір кездерін» түсіну. Да-



Тілекжан РЫСҚАЛИЕВ
философия ғылымдарының
докторы, профессор.

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ: ҒАЛАМДЫ ЕМЕС,

налықтан, яғни, философиядан, әдебиеттен, діннен шет қалған адамды не деп атауға болады? Тірі робот емес пе?

Қай ғылым да сыртқы нәрселерге, объектерге баса көңіл бөледі. Сондықтан да ғылымда адам жоқ, адам жоқ болған соң – даналық жоқ, даналықтың оған қажеті де жоқ. Ғылыми философияның даналыққа мән бермейтінін осымен түсіндіруге болады.

Даналық жолынан кімдер ауытқыды?

Енді тақырыбымызға қайтып оралайық. Сонымен қазақ философиясы қандай философия? «Философия» деген сөздің мағынасы – даналыққа құмарлық. Даналыққа құмар халық деп мен қазақтарды, әсіресе, бұрынғы өткен бабаларымызды айтар едім. Қазақта даналыққа толы әдебиет бар, шешендік сөздер, қара өлеңдер, мақал-мәтелдер бар. «Бабалар сөзі» бізде жүз том болып басылып шықты. Қорқыт, Иасауи, Асан қайғы, Төле би, Бұқар жырау, Абай, Шәкәрім сияқты даналарымыз болды.

Біз «қазақтарда даналық философиясы болған» деп мақтанышпен айта аламыз. Бірақ қазіргі қазақтардың даналыққа құмар деп айта алмас едім. Қазақ философиясының негізгі анықтамасы, нақты көрінісі, болмысы – даналық.

Философия Батыста да, Шығыста да, бізде де даналық күйінде қалыптасты. Батыста кейіннен философия даналық жолынан ауытқып, ғылым жолына түсті. Сол жолмен бүгін де дамып келеді.

Қазақ философиясы ХХ ғасырдың басына дейін даналық болып қалды. Кейін кеңестік, маркстік-лениндік философия құрамында ғылым жолымен дамыды. Енді тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ философиясы бұрынғыдай даналық философиясы болып дамуы керек. Осы идеяны мен көптен бері алға тартып келемін. Даналық философиясы – адамға жақын, адамға ықпал ете алады, адамға адам болып өмір сүрудің жолын көрсетеді. Философияның міндеті – бір кезде Маркс айтқандай «дүниені өзгерту» емес, адамды өзгерту, адамды жетілдіру.

Қазақ жерінде болған шетел өкілдері – Янушкевич, Александр Гумбольдт, В.Радлов, В.Даль және басқалары – қазақтардың шешендігі, ақындығы, тапқырлығы, түсінігі туралы айтып та, жазып та кеткен. Шығыстанушы профессор Василий Радлов: «Қазақ тілі – ең таза, әрі бай тілдердің бірі», – деп жазды. – Қазақтардың тілі әуезді де, әсем, шебер де, шешен. Әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып айтар тапқырлығы таң қалдырады» – дейді. Тағы бір жерде: «Қазақ сөзі өлең, жыр тәрізді болып келеді», – деп атап көрсетеді.

Неміс философы Гегель кезінде өзінің «Логика ғылымы» деген іргелі еңбегін фран-

цуз тіліне аударып, қысқартып, түсінікті етіп жариялауға қарсы болды. Оның ойынша, француз тілінің философиялық әлеуеті төмен. Кейбір әріптестер қазақ тілінің мүмкіндігіне де шек келтіріп жүрді. Радлов айтқандай, әрі таза, әрі бай тіл философиялық ойды жеткізе алмайды деп ойлау ақылға сыймайды.

болуға хақы жоқ. Әсіресе, бәрі дамыған бүгінгідей заманда. Ал нағыз арамдыда жиі кездеседі. Әңгіме сауытсыздыққа емес, әр нәрсенің, істің мән-жайын білмеуде, түсінбеуде.

Философияда «қорлық» деп біреудің зорлығымен болған нәрсені емес, адамның өзінің қырсыздығынан, әлсіздігінен, бей-



Философияның негізгі құралы – сөз, сөзді бейнелейтін ұғым. Қазақ ойшылдары адамға сөз арқылы ықпал етті. Қазақ сөзді түсінді, сөзге тоқтады, «сөз тапқанға қолқа жоқ» деп сөзді зор бағалады. «Сөз қадірін кім білген?» деп Төле би де, Абай да, Шәкәрім де қапаланды.

Естіге айтқан тура сөз –
Шыңға тіккен тумен тең.
Езге айтқан тура сөз –
Құмға сіңген сумен тең, – дейді Майқы би.

Абай оны қостап: «Қайран тіл, қайран сөз – нағанға қадірсіз», – деп замандастары үшін күйінді.

«Өнегелі ой, даналық, түсінік қайдан шығады?» – деген сұраққа қазақ философиясы былай деп жауап береді:

Аспанның астынан шығады,
Жердің үстінен шығады,
Өнерлінің ісінен шығады,
Ғалымның күшінен шығады,
Жақсының сөзінен шығады,
Тарихтың ізінен шығады,
Шешеннің тілінен шығады,
Әншінің үнінен шығады,
Жаманның көрген күнінен шығады.

Бұл сөздердің көркемдігін, шешендігін былай қойғанда, философиялық мазмұнына танданбасқа болмайды. Бәрін талдап, тарқатып жатпай-ақ, тек соңғы жолына назар аударайық: Қазақта «жаман» деп адамның мінін, кемтарлығын айтпайды. Бұған адам кінәлі емес. «Жаман» деп қазақ адамның сөзіне, ісіне, мінезіне баға береді. Өзін-өзі сыйламаған адамды ешкім де сыйламайды. Қазақта «қорлық» деген ұғым бар. Жаман адам – қор болған адам. Адам болып туып, адам қатарына қосыла алмау – қорлық. Құдай сыйлаған ақыл-еске ие бола тұрып, надан болу – қорлық. Абай айтады: «Атымды адам қойған соң, қайтып надан болайын», – деп. Адамның надан

шаралығынан тапқан тауқыметін айтады. Абайдың сөзі еске түседі:

Еріксіз түскен ылдидан
Еркінмен шығар өр артық.
Қорлықпен өткен өмірден
Көсіліп жатар көр артық, – деген.

Даналық пен түсінік – егіз ұғым. Бірін-бірі анықтайды, бірін-бірі толықтырады. Қазақ философиясының тағы бір қыры – түсінік.

Станок жасау – оңай, адам жасау – қиын

Түсінікпен байланысты, түсінікті жарыққа шығаратын дәстүрлі философиялық тәсіл – сұхбат, пікір алмасу, ой мен сөз салыстыру. Сұхбат, диалог тек гректерде, Протагор, Сократ, Платонда деп ойласақ қателесеміз. Нағыз сұхбат, сұрақ-жауап, айтыс-тартыс қазақтарда, қазақ ойлауында кездеседі. Гректер өз сұхбатын алдын ала әзірлеп, ойластырып алады. Қазақ билері мен шешендері кездескен бойда бірін-бірі сынау үшін сұрақ қойып, оған табанда жауап беріп жатады. Сұрақтары да, жауаптары да мәнді, мағыналы, қисынды болып келеді. Орыс ғалымы Радлов айтқандай «ырғақты, ұй-қасты, көркем болып шығады».

Қазақ сөзінде суырып салып айту, импровизация жиі кездеседі.

Қазақ философиясының тағы бір қырын – тәлімгерлік қызметін – әдейі атап өткім келеді. Адамға бағытталған, даналықты бойына сіңірген, түсінікті бетке ұстайтын философия тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Студенттер кейде: «Үйленбеген, бала-шағасы болмаған И.Кант тәрбие мәселесін талдаған «Педагогика туралы» деген кітапты қалай